



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

27.02.2025 № 27

Астана қаласы

город Астана

**Тамақтану сапасын бақылау бойынша
комиссия жұмысының ұйымдастырылуы
туралы 2024-2025 оқу жылы**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мемлекеттік балабақшаларда және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларды тамақпен қамтамасыз ету ережелерін бекіту туралы» №598 бұйрығының 109-шы тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылына арналған тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының жұмысын келесі құрамда ұйымдастыру:

Комиссия төрайымы:

Мектеп директоры – Рамазанова А.Е.

Комиссия төрайымының орынбасары:

Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары – Искакова М.Т.

Комиссия мүшелері:

- қамқоршылық кеңесінің мүшесі – А. Бурабаев
- ата-аналар комитетінің мүшесі – М. Оразалин, Д. Бейсембаев, Қ. Султаналин.
- әлеуметтік педагог – Т. Әбдышева
- медициналық қызметкер – К.Кусаинова

2. Тамақтану сапасын бақылау комиссиясы келесі жұмыстарды жүргізуге міндетті:

- Қабылданатын азық-түлік өнімдерінің сапасына мониторинг жүргізу;
- Дайындалған тағамдардың сапасына бақылау жасау;
- Технологиялық жабдықтардың болуы және дұрыс жұмыс істеуі;
- Азық-түліктерді сақтау, жеткізу және дайын тағамдардың сақтау мерзімі мен шарттарының сақталуы;
- Балалардың күнделікті, болашақтағы мәзірге сәйкес тамақтану рационына сәйкестігі;
- Асхана санитарлық жағдайы.

3. Комиссияның жұмыс қорытындыларын ай сайын ақпарат түрінде педагогикалық кеңесте қаралып, орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастыру қажет.

4. Бұл бұйрықтың орындалуын өзім қадағалаймын.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мемлекеттік балабақшаларда және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларды тамақпен қамтамасыз ету ережелерін бекіту туралы» бұйрығына 109-шы тармағы.

Мектеп директоры  А.Е.Рамазанова